



Sultangazin University

ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİ
QOSTANAI OBLYSY ÁKİMDİGİNİŇ BİLİM BASQARMASY
QOSTANAI q. «PEDAGOGİKALYQ SHEBERLİK ORTALYĠY» FİLİALY



ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİNİŇ
80 JYLDYĠYNA ARNALĠAN ALTYN SARIN OQÝLARY
**«Bilim berý praktikasy sapasyn
joġarylatýdyň ózekti máseleleri»**
atty halyqaralyq ġylymı-praktikalyq konferensiasynyň

MATERIALDARY

I KİTAP



I КНИГА

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ К 80 ЛЕТИЮ
КОСТАНАЙСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА
ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА
**«Актуальные проблемы повышения
качества образовательной практики»**

Qostanai q., 2019 j.
г.Костанай 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

Б 94

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Медетов Нурлан Амирович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, физика-математикалық ғылымдар докторы;
- **Мусабекова Гульвира Айдархановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ахметов Тлеген Альмуханович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік халық аралық қатынастар институтының профессоры (Ресей, Москва қ.);
- **Бектурганова Римма Чингисовна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Оспанов Серикбай**, филология ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин орталығының маманы;
- **Айнализева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Калиев Дастан Дуйсенұлы** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистры.

Б 94 БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫ САПАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ =АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКИ. – Қостанай, 2019. - 395 б.

ISBN 978-601-7934-67-5

«Білім беру практикасының сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Алтынсарин оқуларының Халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген.

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Актуальные проблемы повышения качества образовательной практики».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и научные сотрудники обсудили актуальные проблемы повышения качества образовательного процесса, модернизации образования.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ, научных сотрудников.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

ISBN 978-601-7934-67-5

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

өмір сүру, нақты білім алу, осы тұрғыдан, барлығын ұтымды пайдалану болып табылады. Қазақстанның эволюциялық дамуы, еліміздің эволюция жағынан дамуы болып саналады. Еліміз ХХ ғасырда түрлі өзгеріске ұшырады. Ұлттық бірегейлікті сақтау, ұлттық жаңғыру ұғымы мен байланысты болып келеді. Бұл бағытта ең әуелі ұлттық рухты, ұлттық сананы атап көрсеткен еді. Елбасымыз: Оның екі қыры бар: Біріншіден, ұлттық сана сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту, – деп түсіндірді. Сонымен қатар Елбасымыз барша Қазақстандықтар үшін ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсіндірді. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек. Қазіргі ХХІ ғасыр білімнің салтанат құруымен байланысты. Елбасымыз жастарға үлкен сенім артады. «Біздің болашағымыз- жастардың қолында» демекші, жастарға арнап – университеттер, зияткерлік мектептер ашылды. Сонымен қатар көптеген білімді жастарды – «Болашақ бағдарламасы» арқылы көптеген елдерге оқуға жіберді. Яғни, бұл білімнің – салтанат құруы. Сөзімді қорытындылай болсам, жаңа қалыптасқан рухани жаңғырудың баршамызға түрлі өзерістер мен алға қарай ұмтылыстарды, жаңа жаңашылдықтарды қажет етеді. Өйткені, біз күннен-күнге дамыған, көркейген елде өмір сүрудеміз. Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында – еліміздің әлемдегі озық 30 елдің қатарына кіру туралы және түрлі бағыттарды ұсынды. Бұл – рухани жаңғыру арқылы болашағымызға деген өзінің терең көзқарасын білдірді. Мақалада ұсынылған ұлттық рухты, ұлттық сананы жаңғыртудың бағыттары жүзеге асса, онда бұл – рухани жаңғырудың негізі болмақ. Елбасымыздың бұл мақаласы ұлттық сананы жаңғырта отырып, ұлттық бірегейлікті сақтап, табысты ел болуды білдіреді. Осы рухани жаңғыру арқылы елімізді барша әлемге таныта отырып, табысты ел болып, болашаққа деген үмітімізді, сенімімізді біріктіре отырып, бір ту астында, жарқын болашаққа жетейік! [Интернет ресурстар].

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ ТОПТЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Кажахметова Дина Бейсенбаевна,
Тусова Асель Жанибековна,
Курмангалиева Айнаш Алтаевна,
Қостанай қ. №18 мектеп – гимназиясының
қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімдері

Аннотация

Мақалада авторлар топтық жұмыс, оны тиімді ұйымдастыру және топта түрлі тапсырмаларды орындата отырып көзделген мақсатқа қол жеткізе білу туралы ой қозғайды. Тәжірибе алмасу мақсатында топтық жұмыс тиімділігінің дәлелі ретінде оның дұрыс ұйымдастыру үлгісін ұсынып отыр.

Аннотация

В статье говорится о приемах групповой работы, об эффективности организации работы в группах. Чтобы достичь цели обучения и успешно выполнить задание, необходимо проводить работу в группах. В целях обмена опытом, нами предложена эффективные формы организации групповой работы.

Abstract

The article describes the methods of group work, the effectiveness of the organization of the Group. To achieve the goal of training and successfully carry out the task, it is necessary to work in groups. We have proposed effective forms of organization of group work in order to change of experience.

Түйінді сөздер: топтық жұмыс, оқу белсенділігі, оқу тәсілі, бірлескен оқу, табысты мұғалім.

Ключевые слова: групповая работа, образовательная деятельность, методы обучения, совместное обучение, успешный учитель

Keywords: group work, educational activities, teaching methods, cooperative learning, a successful teacher.

Қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер әлемдік білім беру жүйесін қайта қарау қажет екендігін паш етті. Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде білім саласындағы саясаткерлер үшінде, жалпы мектептер үшінде, соның ішінде мұғалімдер үшінде басты, маңызды мәселе болып отырғаны «XXI ғасырда нені оқыту керек?» және «XXI ғасырға қалай дайындайды?». А.Байтұрсынов: «Алдымен тәжірибелі басшы керек. Баланы оқытатын білімді мұғалім керек. Мектептің жаны мұғалімге нұр» - дегендей, қазіргі таңда мектептің жаны бола білетін өмірден түйгені мол, еңбекқор, адал жүрек, ұстаз ретінде білім берудің жаңа жүйесін меңгере отырып, әлем өзгерісімен үндесетін қасиеттерге ие болатын табысты мұғалім керек.

Бүгінгі таңда елімізде білім беру мазмұны жаңа бағытқа бет бұрды. Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнына елеулі өзгерістер енгізілуде. Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруы мен қатар, критериялды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құру және коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу болып табылады десек, оларды жүзеге асырудың бір жолы – оқыту процесінде топтық оқытуды қолдану болып табылады. Жаңа қоғамға қажетті тұлғаны дайындауда топтық оқытудың қажеттілігі өмір талабы екендігі айқын сезіледі.

Оқытудың топтық формасы деп – оқу тапсырмасын бірігіп орындау үшін сынып базасында құрылған жұмысшы топтардың іс-әрекетін ұйымдастыру түрін айтады. Топтық оқытудың басты мақсаты – оқушыларды шағын топтағы бірлескен жұмысқа тарту. Топтық жұмыстар – оқушылардың танымдық қызмет үдерісіне көтеріңкі көңіл-күймен қатысуын, зерттеу тақырыбын түйсініп, терең зерделеуді, алынған білімнің тұтастығымен оқушылардың танымдық белсенділігін қамтамасыз етеді.

Дәстүрлі ұйымдастырылған оқу үдерісіне қарағанда, топтық жұмыс арқылы оқыту үдерісінде оқушылар көп мағлұматалады, ойын үдерісінде жағымды эмоциялар алып, белсенділігі артады, сөздік қоры дамиды, жеке тұлғаның қажеттіліктері қанағаттандырылады.

Дұрыс ұйымдастырылған топтық жұмыс – командада шығармашылық пен ынтымақтастықта жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Бұрын әркім өз бетінше ізденіп жұмыс істеп, белсенді балалар нәтижеге жетіп отырса, көмекке зәру бала өз ойының дұрыс бұрыстығына көз жеткізе алмай білмеген күйде қалып отырды. Топта оқушылар өз даралығын жоғалтпайды, қажетті жағдайда олар бір-бірінен көмек сұрап, ортақ міндеттерді шешеді.

Топтық жұмыс барысында топтасып постер дайындау, бірлесіп тапсырмаларды орындау, ресурстарды талдау жұмыстары барысында бір-бірімен ой бөліседі, өзінің білмегенін талқылау барысында тыңдау арқылы біледі, естігеніне қорытынды жасап, жүйелі талқылауға қатысады, бағалап, талдап, өз пікірлерін білдіре алады және бәрібір топтамаға келіп, берілген мәселені бірлесе отырып шешіп, оны қорғауға өз үлестерін қосады, тұжырым шығарады.

Топтық жұмыс формалары оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін, танымдық процестерді дамытуға, оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға, тұлғаның

қиындықтарға даяр болу және жеңе білу, танымдық, сыйласу, шығармашылық өзін-өзі өзектілендіруге ықпал етуде алатын орны ерекше.

Топ – қазіргі адамның қоғамдық өмірін ұйымдастырудың басты тәсілі, оның ажырамас қасиеті болып табылады. Топтық жұмыс өзінің барлық белгілері көрініс табатын оқу ынтымақтастығының идеалды моделі болып табылады.

Топтық жұмыс дәстүрлі сынып-сабақ жүйесіне қарағанда оқушылардың бір-бірімен байланысын құруға мүмкіндік береді. Олар жеке жұмысқа қарағанда топтық жұмыста тапсырмаларды жақсы орындайды және сабақтағы психологиялық микроклимат жақсарады. Топтық жұмыстың педагогикалық құндылығы – оның жалпы бала тұлғасын қалыптастыруға, оның ақыл-ой қабілеттерін дамытуға жағымды әсер етуінде.

Қазіргі мектепте топтық жұмыстарды ұйымдастыруды оқу үдерісін жандандыру және жылдамдату үшін пайдаланады.

Ғалым Шаталов топта жұмыс істеудің “сабақта қияр тұздау” сияқты әдісін ұсынады, яғни тұзды суға түскен қиярдың тұздалатыны секілді топтық жұмысқа қатысу арқылы білмегенінді үйрену. Топта жұмыс істеу механизмін іске дұрыс қосқанда, оқушының білмегенін білуге ұмтылысы нәтижелі болады.

Топтық жұмыстар тиімді әрі көңілден шығу үшін жақсы ұйымдастыру қажет.

Топтардың құрамын жиі өзгертіңіз, әрбір оқушы қалған барлық оқушылармен жұмыс жасай алатын болсын. Оқушылар тек өз достармен ғана жұмыс жасамауы керек. Ұлдар мен қыздардан немесе ұлты әртүрлі балалардан құралған аралас топтың жұмысы жақсы нәтиже көрсетеді. Топтың құрамын әр түрлі етіп өзгертуге болады.

Ресми топ салыстырмалы түрде үлкен болмау керек деген пікір бар. Кит Девис топтағы адамдар саны бесеу болу керек деп есептейді. Ральф Дэвис бойынша тамаша топ 3-9 адам. Г.А. Цукерман әлемде жүргізілген зерттеулерді жалпылау кезінде, топтық оқу іс-әрекетіндегі келесі мәселерді көрсетеді:

Бүгінгі таңда топтық жұмыс оқыту үдерісінің тиімді тәсілдерінің бірі деп есептеледі. Ол сабақта табиғи тілдік қатынас жағдайын құруға әсер етеді, оқушыларды оқу үдерісіне белсенді қатысуға еріксіз тартады, ынталандырады, оқып-үйренуге деген қызығушылығын тудырады. Сондай-ақ, топтық жұмыс оқушылардың өздерін сенімділікке тәрбиелейді, өзін-өзі ортада ұстай білуге, бірін-бірі тыңдауға, сыни ойлануға, пікірлердің сан алуан болатындығын жақсырақ түсінуге үйренеді, өз пікірін айтуға құқығының бар екенін сезінеді.

Балалардың танымдық белсенділігі мен шығармашылық деңгейі өседі;

оқушылар арасындағы өзара қатынас сипаты өзгереді;

оқушылар маңызды әлеуметтік дағдыларға ие болады: әдеп, жауапкершілік, басқалардың позициясын есепке ала отырып, өз мінез-құлқын қалыптастыру іскерлігі, қарым-қатынастың гуманистік түртікілері;

Мұғалім топқа бөлуде балалардың өзара бейімділіктерін, олардың дайындық деңгейлерін, жұмыс қарқындарын есепке ала отырып, оқытуда дараландыру мүмкіндігін алады.

Қазіргі ұстаздар қауымы үшін ең басты мәселе - оқыту әдісін дұрыс таңдау. Бірлескен оқу-бұл оқыту мен оқу тәсілі, аталған тәсіл проблемаларды шешу, тапсырмаларды орындау немесе әлдебір өнім жасау үшін оқушылар тобының бірлесіп жұмыс істеуі. Зерттеушілер оқитын пәніне қарамастан, басқа оқу нысанында ұсынылған сол ақпараттан гөрі, шағын топтарда жұмыс істейтін оқушылар, әдетте, оқытылатын нәрсе туралы көбірек біліп соның нәтижесінде алған білімін ұзақ сақтайтындығын дәлелдеп отыр. Оқушылармен топтық жұмыс ұйымдастыру оларды ынтымақтастыққа, өзара әрекеттестік дағдыларын қалыптастыруға, өз пікірін өзгелермен бөлісуге итермелеп, сыныптағы әрбір оқушының табысты оқушы болуына жол ашады. Зерттеуші Хоу мен Мерсер бірлескен іс-шараларақыл-ой дамуы мен оқуды, сондай-ақ қарым-

қатынас дағдыларын арттыратындығын көрсетті. Пиаженің аралас жастағы топтароқушыларға анағұрлым жақсы дамыған және нашарлау дамыған құрдастармен өзара әрекет жасау үшін кең мүмкіндік береді, бұл олардың танымдық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға көмектеседі, - делінгендей өз құрдастарының жетелеуімен сабаққа біліктілігі қалыптасқан оқушымен топтық жұмыста әлеуметтік қарым-қатынас жасаса ғана нәтижесінде ойлау және сөйлеу дағдылары дамиды. Топтың жұмыс кезінде топ мүшелері бірлескен жұмыс барысында бір-бірінің іс-әрекетін көріп отырады. Сондықтан кейбір оқушылар топ мүшелерінен қалыспай табыспен бәсекестестікке ұмтылады. Топ басшысы бірлескен әрекет ету бойынша топ мүшелерін бағалайды жәнесабақтағы көңіл-күйлерін смайликтер арқылы білдіреді. Ал мұғалім бақылау парағына белгілеп отырады. Топтық жұмыста ұсынған тапсырмаларда оқушылар бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасап, өздеріне ұсынылған тапсырманы орындау жолдарын іздеу барысында топпен шешіп, бір-бірінің көмегіне жүгінеді. Яғни, бұл жерде Мерсер сипаттағандай, білімді бірлесіп алуда немесе «пікір алмасу» барысында тең құқылы серіктестер болып табылады. Бұдан оқушыларды топтық жұмысқа итермелеу арқылы, әрқайсысы өз қабілеттеріне қарай ойларымен бөлісуге ерікті. Берілген тапсырманы орындау барысында әркім өз идеяларын ортаға тастап, өзара рөлге бөліне отырып, берілген уақытты тиімді пайдалануға тырысып отырады. Ал түсінгендерін топпен қорғау барысында топтар бір-біріне сұрақ-жауап арқылы кеңінен талқылап отырады. Мұғалім рөлі әрдайым бағыт беруші, оқушының ойын толықтырушы, топтық ережелерді сақтау барысын қадағалаушы, оқушылардың білім деңгейін бағалаушы, бақылаушы. Алайда оқыту үдерісі оқушылардың тапсырманы орындаудың бастапқы кезеңінде өзінің білімі мен дағдылары және тапсырма аяқталғаннан кейін нені білетіндігі туралы нақты білген жағдайда ғана тиімді болады. Қорытындылай келгенде оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тәжірибеге енгізу, тиімді әдістәсілдерін қолдану оқушыға білім берумен ғана шектелмей, алған білімдерін сыныптан тыс жерлерде қолданып, өмірмен байланыстыра алуға, яғни сындарлы ойлануларын дамытуға кеңінен жол ашады. Сондай-ақ бірлескен оқу, ынтымақтаса білім ала отырып, бірін- бірі оқыту, бірін-бірі бағалау әрекеттері олардың пәнге деген қызығушылықтарын оятады. Болашақта топтық жұмысты жүйелі қолдансақ, нәтижелі білім сапасымен қоса, өнімді деңгейге жетуімізге септігі тиетіні анық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші (негізгі) деңгей. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ. 2015-138 б.
2. Мектептегі тәжірибе кезеңінде орындауға арналған тапсырмалар. (Үлестірмелі материалдар) Екінші (негізгі) деңгей. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ. 2015 ж. 3. Құдайбергенов К.С. (2013). Мектептегі іс-әрекетті зерттеу
3. Орақова А.Ш, Жартынова Ж.А, Қойлық Н.О, Ким В.Н, Корниова Т.Б. «Интерактивті оқыту әдісін қолданып сабақты жоспарлау және басқару»
4. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы- 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», - Астана, Ақорда, -17.01.2014.
5. Назарбаев Н.Ә. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты атты Жолдауы, - Астана. Ақорда., 2012.
6. ҚР Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2011.
7. ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2010.

МАЗМУНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР ПЛЕНАРНЫЕ ДОКЛАДЫ

<i>Әбіл Е. А., Университеты и их влияние на развитие регионов.....</i>	3
<i>Бережнова Е. В., Принцип информатизации образования: долгий путь научного обоснования.....</i>	6
<i>Оспанов С., «Рабғұзи қиссалары» және Ы. Алтынсарин.....</i>	10
<i>Онищенко Е.А., Координация управления взаимодействием педагогов опорных школ с целью развития исследовательских навыков учителей.....</i>	13

СЕКЦИЯ 1. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАСЫМ ОЙЛАРЫ КОНТЕКСТІНДЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ БАҒЫТТАРЫ

СЕКЦИЯ 1. АКТУАЛЬНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ ПРИОРИТЕТНЫХ ИДЕЙ «РУХАНИ ЖАНҒЫРУ»

<i>Абуталипова А. Б., Салмаганбетова А.К., Рухани жаңғыру – рухани даму кепілі.....</i>	16
<i>Адиятова А. Т., Султангиреева Н. С., «Рухани жаңғыру» – жеке тұлғаға рухани-адамгершілік тәрбие берудің негізі.....</i>	19
<i>Акижанова А. Ж., Ниязбаева Б. Б., Рухани жаңғыру және латын әліпбиіне көшу – болашаққа табысты қадам.....</i>	22
<i>Алгожина Т. Ш., Исакова А. К., Рухани жаңғыру – жас ұрпаққа салынған сара жол.....</i>	25
<i>Альмагамбетова З. А., Роль классного руководителя во внедрении современных тенденций образования программы «рухани жаңғыру».....</i>	28
<i>Арсеева С. Б., Исакова Ш. С., Педагогические идеи и.алтынсаринана уроках русского языка и литературы.....</i>	30
<i>Артёмова Е. М., Роль методологии как концептуальной основы модернизации образования в РК в контексте «рухани жаңғыру».....</i>	35
<i>Ахметов Т. А. Изучая наследие Ибрая Алтынсарина.....</i>	40
<i>Балгабаева Г. З., Байжанова С. А., «Рухани жаңғыру» басым идеялары негізінде заманауи білім берудің өзекті бағыттары.....</i>	43
<i>Балжанова А. М., К вопросу о воспитании патриотизма современной казахстанской молодежи.....</i>	46
<i>Бейбитқызы Г., «Рухани жаңғыру» басым ойлары контекстінде заманауи білім берудің бағыттары.....</i>	50
<i>Бекбосынова Н. С., Современные тенденции образования в РК в контексте «Рухани жаңғыру».....</i>	53
<i>Бектурганова Р. Ч., К вопросу об осмыслении обновления содержания образования.....</i>	58

<i>Берденова А. С.</i> , «Воспитательный потенциал социума в формировании активной позиции личности: сохранение духовно-нравственных ценностей, интереса и уважения к истории, культуре и традициям родного края».....	61
<i>Борамбаева А. Б., Изделева Г. А., Нурканова А. Т.</i> , «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жүзеге асыру жолдары.....	64
<i>Виниченко О. В., Шатских А. А., Синнер Т. А.</i> , Воспитание толерантности у младших школьников, как одно из приоритетных направлений в рамках программы «Рухани жаңғыру»	67
<i>Даумова Б. Б.</i> , К вопросу о формировании этнотолерантных качеств молодежи в контексте « рухани жаңғыру»	70
<i>Должикова И. И.</i> , The theoretical aspects of integration natural-mathematical cycle and english.....	75
<i>Досмухамедова Р. К.</i> , Реализация общенациональной идеи «Рухани жаңғыру» на уроках географии и краеведения.....	78
<i>Жанабаева А. Т.</i> , Творчество – высшая форма активности педагога и учащихся.....	82
<i>Жургумбаева А. А.</i> , Рухани жаңғыру – жаңартылған білім беру мазмұны білімнің жаңа сапасының кепілі	85
<i>Журкубаева Г. Т.</i> , Краеведение, как фактор развития исследовательской деятельности.....	88
<i>Игисенова У. С., Михеева М. В., Соболева Н. В.</i> , Актуальные направления современного образования в контексте приоритетных идей «Рухани жаңғыру».....	91
<i>Исетова Б. К.</i> , «Военно – патриотическое воспитание и реализация идейной платформы «Рухани жаңғыру» на уроках математики» (на примере историко-краеведческого материала г.Костаная).....	95
<i>Ишмухамбетова Б. М.</i> , Применение многоязычия в современной образовательной системе.....	99
<i>Кабылдина А. Т., Шакиржанова Ж. М., Копбаева А. Г.</i> , «Рухани жаңғыру» басым ойлары контекстінде заманауи білім берудің өзекті бағыттары.....	102
<i>Кажохметова Д. Б., Тусова А. Ж., Курмангалиева А. А.</i> , Оқушылардың оқу белсенділігін арттырудағы топтық жұмыстың тиімділігі.....	106
<i>Калимарданова Г. Д., Серикова Л. С., Бегманова К. Д.</i> , Тұлғаның өмірлік тәлімі-жаңа ұрпақты рухани және патриоттық тәрбиелеудің негізі.....	110
<i>Караичев Д. И.</i> , Формирование финансовой грамотности старших школьников через программу дополнительного образования бизнес-клуб.	113
<i>Кенжегалиева С. К.</i> , Мектеп мұражайы: білім мен тәрбие берудің бір бағыты.....	117
<i>Кожубаева А. Ж.</i> , История развития и своеобразие прикладного искусства казахского народа на примере ковроткачества.....	122
<i>Курманова А. А., Бекбаева С. Т., Утенова З. Т.</i> , Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа білім беру жүйесі.....	126
<i>Көшегалина А. М.</i> , Ыбырай Алтынсариннің ағарту – педагогикалық мұраларын қазіргі кездегі білім саласында қолдану.....	128
<i>Қайырбек А. К.</i> , Тьютор - как элемент педагогической деятельности.....	132
<i>Леванова Т. А.</i> , Тьюторское сопровождение профессионального самоопределения обучающихся в условиях общеобразовательной школы.....	134
<i>Мельникова Т. В., Мехова А. И., Булатова Р. Г.</i> , Современные тенденции развития начального общего образования в рамках программы «Рухани жаңғыру».....	138
<i>Миничкина С. Б.</i> , Творческое и духовное развитие учащихся в студии эстрадного вокала «солнышко».....	142
<i>Мухамбетжанова З. С., Колдасбаева Е. Д.</i> , Білімнің салтанат құруы рухани жаңғыру болашаққа бастар жол.....	144